

DOMBRA-EĞİTİM KAYNAĞI

*Jasaral ENSEPOV**

ÖZET

Kazak milli çalgısı olan dombra Kazak kültüründe çağımızda da çok önemli bir yere sahiptir. Bir eğitim aracı olarak da kullanılmaktadır. Sözlü edebiyatın örnekleri dombra eşliğinde terennüm edilerek yeni kuşaklara aktarılmaktadır

Anahtar Kelimeler: müzik, eğitim, pedagoji, kültür

DOMBRA-SOURCE OF EDUCATION

ABSTRACT

Dombra is still one of the most important national instruments for today's Kazakh culture. Dombra is also used as a pedagogic instrument. Oral tradition is transferred new generation via singing pleasantly by dombra

Key Words: music, education, pedagogics, culture

ДОМБЫРА – ТӘРБИЕ КӨЗІ

Домбыра аспабы тарих тереңінен сыр тартады. Ол сан түрлі ой толғам болжамдарға жетелейді. Тас дәуірінде тасқа қашалған домбыра бейнесі тарихтан елес береді. Аңыз, ертегі әңгімелерде айтылатын философиялық ой домбыра тегін тектеуге итермелейді. Домбыра тәнінен туған шығармалар табиғатында философиялық, психологиялық, педагогикалық құндылықтарды саралауға жетелейді. Домбыра ұлт менталитетінің иесі, көненің көзі, тегіміздің тамыры. Тасқа қашалған домбыра бейнесі сол дәуірдің жемісі. Тасқа қашап салған домбыра қазақтың жаны

* Doç. Dr., Kazakistan Bilimler Akademisi, Müzik Eğitimi, kerimyesbol@mail.ru

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

екенін білдірсе, халық арасында кең қолданысқа енуі оның тәрбие құралы болғанын білдіреді. Домбыраға әуес болу - соның жемісі. Домбыра білім мен ақыл ойдың сақшы қозғаушысы болды. Оқыса кітабы, тыңдаса – сезімді түртетін емшісі, үйренсе ақылшы ұстазы, күйдің ырғағы елес туғызып жетелейтін - киносы, жазса - қалам орнына жараған сөз маржанын көкірекке жинайтын сиқырлы аспап. Мол мүмкіндігінің арқасында бүгінгі жас ұрпаққа аман есен жетті. Бүгінгі технология заманын да игеріп алған аспап. Ол орындаушылық жаңа тәсіл -ДЭККО стилі екенін жұрт біледі. Сөйтіп сөз болғалы отырған домбыра бүгінгі өмір қадесіне де жарап отыр. Бұдан 6000 жыл бұрын деп белгілі ғалым А.Машанов болжаған Жетісу өңірінен табылған тасқа қашалған домбыра бейнесі оның пайда болу тарихын негіздеуге ой салады. Ал Садоков зерттеуінде көне Туран жерінде табылған домбыра іспеттес суреттің тастағы бейнесі бұдан 4000 жыл бұрынғы жәдігер екені ғылыми айналымға түскен. Әрине суретші тасқа қашап салмас бұрын оның қыр сырына терең мән беріп, зерттеп, сараланған нәтижеден кейін барып, тасқа қашап салады. Демек сурет салу өнерінен әлдеқайда бұрын пайда болғанын аңғаруға болады. Домбыра тарихын тас дәуірінен де әріректен сыр тартқан дұрысырақ болар еді.

Күй өнері сан ғасырларды саралап, тарих тамырын тереңнен тартып, созылған ішектей ызындап бойымызды қыдықтап жатсада әлі мән бермей келеміз. Өкінішті. Сол кезең мен дәуірлерді көз алдына әкелетін сан түрлі күй өнері дәлел. Ұлттық мәдени мұраларды жинап, бүгінгі күнге дейін ұлы бабаларды тәрбиелеп жеткізуші домбыра аспабы бүгінгі білім саласында өз орнын тұрақты тәрбие көзі бола алмай келуі ұлттың ұлылығы әлі ұлықтанбағандығын білдіреді. Ұлт өз өнерімен

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

көрікті. Домбыра құдірет иесі. Өйткені ірі тұлғалар алмас қылыштай айтатын өткір сөздеріне жан бітірді, күй ырғақтарынан шашылған әуен найзадай қадалған тәлім тәрбие көзі болды. Барлық жақсы қасиеттерді домбыра бойына жинады. Сондықтан біз олардың мұраларына, істеген ерліктеріне, таң қалып әңгімелеумен шектеліп келеміз. Демек домбыра өнерінің бойына үңілу менталитетіміздің түпкі тамырына барлау пара-пар. Ұлт болып ұйю домбырадан басталады. Домбыра асыл мұраларды жинаушы, сақтаушы қойма әспетті. Түсініп қадірлейтіндерге көмекші, жалғыз қалғанда сырлас дос болуға жарайтын құдірет иесі, құдаймен тілдесетін тілші аспап. Осы қасиеттермен бүгінгі жас ұрпақтарды тәрбиелеу сол кездің тұлғаларындай даналарды қалыптастыру домбырадан басталады. Асыл мұраларды домбыра аспабы жеткізді.

Домбыра аспабының пайда болу жолдарын аңыз әңгімелермен байланыстыру бүгінгі жас ұрпақты қызықтырады сөзсіз. Күй мен оның әңгімесі қоса өріліп, домбыра негізінде аңыз қатар өрбиді. Көмескіленген аңыз шындыққа саяды. Аңыз әңгіме болған оқиға төңірегінен туады. «...Алғашқы рулық замандағы бір адам (батыр, мерген) аңда немесе жорықта жүріп өзінің басынан кешкен бір оқиғаны руластарына айтып беруі мүмкін. Бұл жай әңгіме. Оны естіген адамдар енді басқа біреулерге айтады, айтқанда өз жанынан желі қосуы да мүмкін. Ал, одан естіген кісі тағы біреуге айтады, ол да өзінше баяндайды. Сөйтіп, алғашқы жай әңгіме хикаяға, бірте-бірте аңызға айналады. Біраз уақыт өткен соң ол аңыз біршама көркемделіп әпсана-хикаятқа айналуы мүмкін. Міне, бұл өмір шындығына тікелей қатысы бар...» (1) дейді С. Қасқабасов

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

Аңыз әңгіменің рухын күй сарыны күшейтеді. Әңгіменің тууына күйдің сарыны да ықпал етеді. Өйткені күй сөйлейді. Оны түсіне білген тыңдаушы философ өз жадынан да сөз қосуы мүмкін. Ал күйлердің сарынын мұқият тыңдауға шақыратын құрал ол аңызды әсерлеп жеткізу болып саналады. Домбыра өнерінің философиясын осы тектес негізде дамытып ашуға болады. Күйдің сарын сазының өзі аңыз әңгіме оқиғадан туады.

«Ертеде бір ханның қызы мезгілі жетіп босанады. Оны аңдыған мыстан кемпір егіз баланы көз көрмес, құлақ естімес, алыс жерге апарып, жап-жасыл үлкен бәйтерек басына ұлды батысқа, қызды шығысқа қаратып іліп кетеді. Сәбилердің көз жасы тамған бәйтерек солады, жүрегі тоқтаған нәрестелермен бірге ағаш та қуарады. Қаңқу әңгіме халық арасында жата ма оны естіген қыз егізін іздеп жолға шығады. Жолдан шаршаған қыз бала ағаш түбіне келіп демалады. Құлағына күмбірлеген сарын естіледі. Қайдан шығатын әуен екенін білгісі келіп ағаш үстіне шығып тыңдаса жаңағы бәйтерек сынып кетеді. Ағаш, түбінен басына дейін іші қуыс екенін көреді. Екі басында бұтақтан-бұтаққа керіліп қалған ішектерді көреді. Екі ішек самал желмен тербеліп әуен шығады екен. Егіз құлынымнан қалған жұрнақ осы болар деп сол ағаштан аспап жасап алады. Батысқа қараған ішегі бостау, шығысқа қараған ішегі қаттылау керілген екен. Астыңғы ішек жіңішке дауыс қызым Зарлық ал, үстінгі ішек бос қоңыр дауысты ұлым Мұңлық болсын деп екі ішекке ат қойып домбырасын тартып күй шығарып кеткен екен» дейді.(2)
Ө.Жәнібеков

Мұндай аңыздарда айтылатын бәйтерек ағаш домбыра болмысымен үндес. Домбыра аспабы ағаштан жасалынып оның

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

беліне байланған жіпті қағу не түрту арқылы дыбыс пайда болып, әуен туады. Домбыраның екі басына керілген қос ішекті адамның қолымен соғуы арқылы пайда болатын әуені жел, дауыл әсерінен туатын сылдырлаған дыбыс үндерін еске салады. Демек екі бағыт негізінде әрекет байқалады. Оның бірінде жел мен дауыл Бәйтерекке әсер етіп, қозғалудан ызың естілсе, екінші бағытта адамның домбырада ойнау әрекеті арқылы әуендер шығады. «...Е.М.Мелетинский, - әлемдік ағаш пен шаман арасындағы байланыс өте тығыз...шаман әлемдік ағаштың көмегімен адамдар мен құдайларды, жер мен аспанды байланыстыра алады, яғни ол дәнекер, медиатор қызметін атқарады» (3) – дегенді айтады.

Бәйтерек ағаш аңыздарда дүниенің кеңдігін көрсетудің символы болса, домбыра аспабынан туған үн өмір мәнін ұғынуға шақырады. Бәйтерек, домбыра болып үн қатады. Ол табиғат пен өмірдің жалғасқан айналмалы шексіздігін меңзейді. «...Бәйтеректің басына ұя салған Самұрық (не Алып қарақұс) кейіпкерді аспан әлеміне алып ұшады, я болмаса жер бетіне шығарады... зәулім бәйтерек бейнесі – қазақ жағдайына сәйкес космостық ағаштың өзгерген түрі. Мұны қазақтардың айдалада өсіп тұрған жалғыз ағашты қадір тұту салтынан да көруге болады» (1.87-б)

Бәйтерек ағаш киесі домбыра аспабы арқылы адамдарға эстетикалық әсер береді. Демек, домбыра аспабы бәйтерек ағаштан пайда болды деп айтуға негіз бола алады. Аспаннан нәр алу космостық ұғымды білдірсе, адамдардың өзіне қажетті құнар алуы жердің қоректік қасиеттерінен туындайды. «Жапанда өсіп тұратын жалғыз ағаш, немесе бұта қадірленіп, оның басына түнейді. Оның қасынан өтіп бара жатып, адамдар ағаштың бұтақтарына шүберек байлайды, ыдыс тастайды, тіпті

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

күрбандыққа мал шалады, я болмаса аттың жалын түйіп тастайды» (4)

Бәйтерек ағаш басына барып сиынуы оның бойынан пайда болған домбыра аспабына да оның эстетикалық көзқарасының жоғарылығымен іштей байланыс табады. Бұл жайды арқалы жырау Қашаған жақсы айтып кеткен:

Қолымдағы қу ағаш,

Сөйлеп тұрған бұл ағаш

Қолымдағы ағашым -

Алып жүрген домбыра.

Домбыра күнә деген сөз

Тек бір айтқан дабыра.

Таңда машқар болғанда,

Кімнің жақсы-жаманын,

Алла білер соңыра.

Пайғамбарым туғанда,

Бесік болған бұл ағаш.

Ыбырайым Кәрбасалғанда,

Мешіт болған бұл ағаш.

Ықырам үйдің алдында,

Есік болған бұл ағаш.

Өзіңді тақсыр молда дейд,

Боқтағаның қай ағаш ?

Хазіреті Мұсаға

Аса болған бұл ағаш.

Жәнеттерден тұзақтан

Таса болған бұл ағаш...

Батырлардың қолында

Найзасына сап болған да бұл ағаш.

Дарияның бетінде

Пырақ болған бұл ағаш.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

Әулиенің басына
Шырақ болған бұл ағаш.
Қаріп пенен қасірге
Қуат болған бұл ағаш.
Жетім менен жесірге
Суат болған бұл ағаш.
Таршылық көрген талайға
Нәсіп болған бұл ағаш.
Балта ұстаған шеберге
Кәсіп болған бұл ағаш
Өзіңді тақсыр молда дейд,
Боқтағаның қай ағаш ?
Шегін күнә десеңіз,
Жұмақтан келген қойдікі,
Пернесін күнә десіз бе?
Есебі ол – пәннің он екі!
Құлағын күнә десеңіз,
Хазіретті Біләлдің,

Құлағы екен деседі.
Тигін күнә десеңіз,
Шиеленген сыр шешеді!
Зауықты күнә деменіз
О да айт пен тойдікі.
Сазды күнә деменіз,
Атамыз адам пайғамбар,
Жеті сазбен жерге кеп,
Күй шертіпті деген бар.
Ол күндегі о да саз,

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

Бұл күндегі бұ да саз,
Сазды күнә деп жүрген,
Молдеке сенің ақылың аз, (5)

Қашаған жырау ағаш пен (бәйтерек, Е.Ж.) домбыра арасындағы байланысқа мән беріп, олардың қасиеттерінің өзара сабақтас екенін көре білген.

Ресми деректерде де ол ағаштың ерен ерекшеліктері айтылады. Аңыз бәйтерек пен кәдімгі бәйтеректің ұқсастықтары айқын байқалады: «Бәйтерек, қабығы айғыздалып тілінген, қоңырқай түсті. Бұтақтары жан-жаққа тармақталмай жоғары қарай ұмтыла өседі. Бұтақ шоғыры пирамида тәріздес. Жас өркендері мен жас сабақтары түкті келеді, жапырақтары жалпақтау, үш бұрышты, ұшы үшкірлеу не доғалдау, жапырақ жиектері ара тісі тәріздес болады...»(6) Астана қаласында зәулім бәйтерек ағаш, жаңа дизайндық үлгімен архитектуралық құрылыс орналастырылды. Мұның өзі ата - бабалардан жалғасын тауып келе жатқан бәйтерек негізінде қалыптасқан домбыра үлгісін де еске салады.

Далада өскен бәйтерек ағаштың сылдырлаған сыбдыры дыбыстық әуенін білдірсе оны адамдар табиғаттың ерекше құбылысы деп бағалап оған сиына бастаған (тәңірге табынушылық елестері). Бәйтерек ағаштың қылықтарына ұқсасын деп аспап жасап алуы да мүмкін. Бәйтерек үш әлеммен байланысты. Оның тамыры жер астында, бұтағы мен сабақтары жер үстінде, ұшар басы аспанмен тілдесетін символ. Әуен - тазалықтың нышаны. Бұл орайда Ш. Уалихановтың болжамы жүйе түзуге жетелейді: «...ән аспанда қалықтап ұшып, жер бетіне жақын келеді. Оның жерге ең жақындаған кезін байқаған халық әнді ұстап қалған, ал өте жоғары қалықтаған жердің адамдары ешнәрсе үйрене алмаған. Құдайдың құдіретімен келген ән қазақ жерінде тіпті төмен ұшқанда қазақ халқы оны естіп, әнді жақсы айтатын болған» (7)

«Бәйтерек» ағаштан домбыраның пайда болуында негіз бар деп қарауға болады. Табиғаттағы дыбыстарды аспапқа салу

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

арқылы музыкалық дыбыстар құралады. «Сары өзен», «Ертіс толқыны», «Боз төбе», «Қызыл қайың», «Мұңлық-зарлық», «Тәңірі күйі», «Аққу», «Құланның тарпуы», «Ақсақ құлан», «Бозінген», «Шұбар ат», «Тепен көк» т.б. күйлер өз заманына лайық туған. Табиғаттағы жер астынан өсіп-өнетін қамысты алып, үрлесе одан белгілі бір дыбыстар шығады. Ол Ескендір патшаға байланысты жеткен аңыздар да айтылады.

«Ескендір патшаның басында мүйізі болады, мүйізі бар екенін елге білдірмеу үшін ол шашын алған адамдардың бәрін өлтіріп отырған. Ең соңында бір шаштаразшы тірі қалады. Бірақ ол Ескендірдің мүйізі туралы құпияны жасыра алмай, құдыққа барып айқайлайды. Құдықтан қамыс өсіп шығады. Ол қамыстан бір қойшы сыбызғы жасап, ән салады. Сөйтсе сыбызғыдан шыққан дыбыс «Ескендірдің мүйізі бар!» деген сөз болады да, құпия елге тарап кетеді» (8)

Бұл аңыз музыканың үш әлеммен байланысы бар екенін тағы бір танытқандай. Жер астынан өсіп шыққан қамысты үрлеу арқылы одан пайда болған әуен сыртқа теуіп шығады, ол естілу арқылы жұрттың құлағына жетеді, демек өмір мен үш әлемнің арасында бір заңдылық бар.

«шамандық қасиетті адам таңдап алмайды, қайта бұл қасиеті ауыр жүк, қашып құтыла алмайтын тағдырдың жазмышы ретінде қабылдайды. Шамандық қасиет даму үшін ерекше қабілет қажет» (9). Шамандық, бақсылық қасиеттерді адам өзі біліп, болмаса біреудің оқып үйретуі арқылы жасалмайды. Ондай қасиет белгілі бір күш (үш әлем) арқылы беріледі. «Сләмбек...Бақсы қобызын тартып зарлады бір кезде біз отырған киіз үйдің төбесі қара дауыл соққандай желпілдеді. Сонан кейін

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

киіз үй қаңбақша аударылды да, қайдан келгені белгісіз бақсы бір арғымаққа міне салып, құйындата жөнелді» (10)

Музыка үнінің құдіреті үш әлеммен байланысы бар «Келдібек толғау айтқанда, ол отырған киіз үй шайқалатын, өз даусымен ол дауыл тұрғызатын, ауылға кенет құйын соғып, бұл стихияның ішінен көзге көрінбейтін салт аттылардың тұяқтарының дүбірінен жер қайысатын еді» (11)

Шамандықты ұстаған бақсылар Бәйтерек ағаштан эстетикалық қорек алған. «Жыраудың үлкен пірі Қорқыт ата, қолына қобыз алып күй тартқанда» (12) Музыка дыбыстан құралады жаңбыр, дауыл, жел, су сылдыры, құстардың үні, аңдардың үні мен қимылы, жан-жануарлардың боздауы, кісінеуі т.б. дыбыстарға еліктеуден әуен туады. «Мен далада тудым, дала мені асырады, бақты...Дала өзгерсе, бізде өзгереміз... мен де өзгеремін, екі ішекті домбырамды басқаша күйлеп аламын да, мүлдем басқа күйлерді тартамын...» (13)

Даланың кең құшағында үш әлемді байланыстырып тұрған бәйтерек адамдарға музыкалық қасиет береді. «... казак халқының талантты күйшілері... құлаққа әрең естілетін шөптің сыбдыры, кең далада келе жатқан жалғыз жолаушының әні, аспанда қалықтап жүрген қайсар бүркіттің қанатының суылы бар...» (14) Даланың құбылуына байланысты музыка да сан түрлі мұнды, көңілді ырғақтарға толы болады.

Музыканы түсінуші мен түсінбеушілер болып екіге бөлінеді. Қазіргі музыканы түсінбеушілердің үлес саны түсінушілерден артық. Оның басты себебі ұлттық тәрбие мен білімнің салмағы басқа жаққа ауып кетуінен туындап отыр. Адам болмысында музыканың үлес салмағы өте жоғары екенін танытады. Ақын, композитор т.б. түс көру арқылы жоғарыдағы үш әлеммен байланысы бар екенін көруге болады. «... Мұрын жырау... «Менің әкем Сеңгірбай Абыл айтыпты: - отызға келген кезім, ерте қой өргізіп ұйқтап қалсам біреу келіп аузыма бір сұйық нәрсені құйып еді, жұтып жібердім. Ояна келсем кеудемді өлең, сөз кернеп барады...» (15) - деген екен.

Домбыра өнерінде түс көру адамның тағдырын анықтайтын жайлар да кездеседі. «Мал бағушы бахшы ашық

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

далада ұйқтап жатып түсіне кірген белгісіз кісінің (көбіне әулие кейпінде) «мына домбыраны тартып, жыр айт, сен бахшы боласың» деген ұсынысын қабыл алып, түсінде домбыра тартып ән салады. Оянса, жанында ешкім жоқ, сол сәттен бастап өлең дарып әйгілі жыршыға айналады. Егер өлең даритын адам әлгі өнерден үзілді-кесілді бас тартса, ол не бақытсыздыққа, не ауру-сырқауға душар болады» дейді В.М.Жирмунский. (16) Үш әлем байланысы түс арқылы оның болашағын анықтайды. Үш әлем нұры әуен арқылы жетеді. Өнер адамдары әуенді космос арқылы төбеден қабылдап бойға жинайды. Өңделу арқылы сыртқа шығарады.

Үш әлемді байланыстырып тұрған бәйтерек аспан және жермен байланыста болады. Аспан арқылы табиғат әуенін бойына жинайды. Ағаштан дыбыс пайда болады. «Күй» сөзінің арғы тегі «көк» пен байланысты... Көк пен су екеуі бір кезде бір ұғым болған. Бірі – жоғарғы аспан, бірі – төменгі аспан болып саналған. Көне дәуір ұғымында екеуі де космос. Музыканың алғашқы шығатын жері адамның сыртқы табиғатымен байланысуы, астарлап араласуы; - деген Қ. Жұбанов сөздері музыканың аспан мағынасына жақындығын тағы да дәлелдеп өтеді» (17)

Демек «көк» сөзінің аспанмен байланысуы аспаннан нәр алып «күйге» айналуы адамның көңіл күйіне әсер етуі табиғатпен тікелей араласуы - ғылымда және қоғамдық пікірде мойындалған тенденция. Табиғаттың бұзылуы, адамдардың бұзылуына әкеліп соғуда. Домбырадан алшақтаған қазақ жұртында ұлттық құндылық жұтаң. Ұлттық құндылықтар жадағай жерде тілі мен мәдениеті құнсызданады.

Бәйтерек табиғаттың бір бөлшегі, ал табиғаттың өзі ерлі-зайыпты ұғымымен тектес. Домбыра аспабының да ерлі-зайыпты сипаты бар екеніне еріксіз ой жүгіртуге болады. Домбырада екі ішек бар астыңғы ішек «соль» жіңішке, шіңкілдек әуен - ол әйел үні. Ал үстінгі ішек «ре» қоңыр, жуан әуен - ол еркек үніне сәйкес келеді. «Ерлі зайыпты баба-құдайлардың ең көне әрі универсальды тараған түрі аспан-әке мен жер-ана. Бұл

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

образдарда, бір жағынан, рулардың бабалары болып саналатын ілкі адамдардың космостанғанын, ал екінші жағынан, неке мен семьялық қатынастардың табиғат дүниелеріне көшірілгенін көруге болады” (3. 193). «... бүкіл түркі жұртында Тәңір – көктегі ер ролінде, ал Ұмай – жер-ана болып қабылданады» дейді. (18)

Көктегі тәңір - ер, ал жердегі Ұмай ана - әйел. Домбыраны оң қолға алып тартқан кезде үстінгі ішек аспанмен тілдесе, астыңғы ішек жермен тілдеседі.

Безендірген жер жүзін тәңірім шебер,

Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.

Анамыздай жер иіп емізгенде,

Бейне әкеңдей үстіңе аспан төнер. дейді Абай. (19)

Ұлы ақынның космостан хабар алып отырғанын өлеңдерінен ұғуға болады. Абай жерді мейірімді анаға, аспанды қамқор әкеге теңейді... Аспанды әке бейнесінде көрсету де жайдан-жай алына салмаған...” (20) Өмірдің өзі табиғатта жұп өмір сүретіні сияқты домбыраның екі ішегі де сағынысқан жарлар елесін береді. «Көкте «ұлы тәңір-ие» жердегі әр түрлі заттарды билейді, көк «иелермен» адам баласы тілдеседі деп нанған» (21) «...Қазақ тілінде «тәңір» деп көкті, «теңіз» деп суды айту... екеуінің түбірі («тәң / тен»), «көк», «аспан» ұғымымен байланысты» (22) Жердегі судың аспан түстес болып келуі әкенің мейірімділік қасиетінен туған. Адам баласы өмір сүру үшін оған қажетті корек керек ол - судың қасиеті. Ол жер ана Ұмайдың сүті. Ал одан пайда болған сылдыр, сыбдыр дыбыстар әуендердің негізін құрайды. Судың дүрілі, гүрілі, күмбірі сыңғырлаған үні күйге ұласып, асыл мұра көздеріне айналды.

Домбыра аспабында да үш құрылым бар шанақ, мойын, бас болып келеді. Шанақ жер қойнына ұқсас. Ол өмірден өткен

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

бабалар үні мен сөзінің қоймасы. Мойын арқылы белгілі бір сазға түседі. Бас ішек бұрауының сақшысы. Музыкалық әуендер мойыннан құралады, шанақтан шығады. Домбыраның басы - Аспан, Домбыраның мойыны – Бәйтерек, Домбыраның шанағы – Жер. Үш әлем домбыра бойында да бар екен. «Қазақ халқы, мүмкін, өмірді тек өнер ғана сәндендіреді, тек өнер ғана бізді ерте қартаюдан сақтандырады...» (23) деген түсініктің қалыптасуында бір шындық бар шығар. Домбыра аспабының табиғаттың бөлігі екеніне кезінде А.Жұбанов та көңіл аударған.

«...шеберлер кейде қаламның жуандығындай талдарды арнаулы қалыпқа салып иіп те жасаған. Олар қызыл, сары, қоңыр, кара түсті шыбықтарды теріп алып, қиюын тауып сыналағанда, талдың табиғи бояуы құлпырып домбыра әшекейленіп тұратын болған. Ойып жасалған шанақтың бетіне қарағай немесе шырша тақтайынан жұқа қақпақ жасалған, ал шанағы талдан иілген домбыраның беті тек қарағаймен қақпақталған. Құранды ағаштардан немесе иген талдан жасалған домбыраның сағасынан былайғы жері немесе мойны қайың болған» (14. 112-б)

Заман ілгерлеген сайын адам санасы да жетіліп дамиды. Өмірдің өзекті мәселелеріне қажетті өңдеуді қарастырып оны жүзеге асыруды көздейді. Домбыра аспабын жасауды жетілдіреді. Шанағын құрап жасау, не ойып жасау тағы басқа түрлі әдістер мүмкіндігін пайдаланады. Қосымша перне байлау, ішектер тағу, шанақтарын өзгерту, мойнын қалыңдату не жіңішкерту, пернелерді көбейту сияқты әрекеттер - диапазон дыбысын шығару кеңістігін кеңейтуден туған іздену әрекеттер. Бір күйдің бірнеше варианттарының болуына да ықпал еткен осындай ізденістер еді. Сол себепті талантты тұлғалар өнерді әсемдеп нәрлеп жеткізіп отыруда алдымен аспаптың шебер жасалуына мән берген.

Ақыл мен білім, өнер мен даналық табиғаттың өзінен туындайды. Даланың төсіндегі құм, су, топырақ, шөп, өсімдік, аң

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

кұстар не дейді осы тұтастықта сақталған табиғат құндылығын олар меңгерген, сөйтіп дала психологиясын ұстай алған. Домбыра үні сарынның мәңгілік сақталуы соның дәлелі бола алады. «Қолдан істелген екі ішекті домбырадан мұндай нәзік, мұндай әсем дыбыстар шығады дегенге мен еш уақытта сенбеген болар едім! Егер де мына қарапайым жаныңа тиетін әнді өз құлағыммен естімеген болсам, мен оның ызыңдаған жаратылыс үнімен ұласатын күшіне де сенбес едім!» (24)

Музыка адамды шаттыққа бөлеп отырған, мұң – зарын сейілткен. Музыка адамдардың мінез-құлқы мен салт-дәстүрін өзгерте алады, бұрынғының басшылары халықтың жөндеп музыка тыңдауын қадағалап отырған. Дүниеге келген адам баласы қан-жанды, өміршең рухты, жүрек пен сананы еншілей туады, ал қайғы мен шаттық, ашу мен қуаныш болса туа бітетін қасиеттер емес, мұның бәрі де сыртқы әсерге деген адам сезімінің жаңғырығы ғана, әрі-беріден соң сезімді қалыптастыратын да сол сыртқы әсерлер. Содан да болар, баяу да бойлауық, зарлы да сарнауық әуен бел алған ортада халықтың санамен сарғайып, мұңға батқаны; егер ерке де еркін, жайдары да жеңіл, иірім-қайырымы алабұрта елпілдеген әуен бел алса, онда халықтың шат-шадыман ғұмыр кешкені; егер, қатқыл да қаһарлы, бастауы жігерлі, қоштауы асқақ, қайырмасы кең орамды әуен бел алса, онда халықтың өзіне-өзі сенімді де табанды болғаны; егер, қоңыржай да ашық, орнықты да қалыпты, байсалды да шыншыл әуен бел алса, онда халықтың сыпайы да ізетшіл болғаны; егер, шалқар да шалқымалы, жүрекке жылы жанға жайлы әуен бел алса, онда халықтың мейірім мен махаббатқа бөленгені; ал егер жабайылардың әндері сияқты, шегіне жете бүлініп-бұрмаланған, жанығып-жанұшырған, ырду-дырду әуен бел алса, онда халықтың бұзылғандық пен бейбастыққа белшесінен батқаны» (25)

Қытай данышпаны халықтың музыкасы арқылы олардың ішкі және сыртқы тіршіліктерін аңғарып, анықтауға болатынын айтады. Домбыра өнері қазақ халқының тәрбиесі мен білім кеңістігіне ғасырлар бойы араласып келді. Ата бабамыздың асыл өнерін қадыр тұтып оны жоғары бағалаған ақын жыраулар сөздеріне тиек етіп отырған.

Дариға, домбырамды берші маған,
Жаныма келші, жарым, келші, балам!
Бейуак, іңірдегі көңіліме,

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

Күй болып, күңіреніп енші, далам.
Домбырам, жүрегіммен үндес едің,
Сенімен сырласымдай тілдесемін.
Бабамнан қалған мұрам, сен болмасаң,
Өнердің не екенін де белмес едім.(26)

деп ағиық ақын Мұқағали Мақатаев жырлағандай өнерді туғызған домбыра әсемдік алаңына өнер адамын шыңдап, шабытқа бөлеп, бәсекеге итермелеп жаратып отырған киелі аспап домбыраның ықпалы еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

С. ҚАСҚАБАСОВ С. Қазақ халық прозасы. –Алматы: Ғылым, 1984. 63-б

Ө.ЖӘНІБЕКОВ Алтын домбыра жайлы аңыз. // “қазақ әдебиеті” 6 қаңтар 1984ж.

Е.М.МЕЛЕТИНСКИЙ Поэтика мифа, М., 1976, С. 213.

Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч.: В 5-ти т. Алма-Ата, 1961, т. 1, с. 113.

А.ЖҰБАНОВ Ғасырлар пернесі А., 1975 93-95 бб.)

ҚАЗАҚ совет энциклопедиясы 2-том Алматы 1973. 223-б.,
ҚАЗАҚ тілінің түсіндірме сөздігі. 2-том. Б – Г. Алматы,
Қазақ ССР "Ғылым" баспасы 1976, 187-б., Қазақстан
ұлттық энциклопедия 2-том Ә – Г. Алматы 1999. 224-б

Ш. УАЛИХАНОВ Бес томдық шығармалар жинағы А., 1-ші том
1984 11-бет.

ЕСКЕНДІР Зұлқарнайын өзінің дұшпандарын неменен жеңгені. –
Дала уалаятының газеті, 1895, №5; Предание об
Искендер-хане. – Потанин Г.Н. Казак-киргизские и
алтайские предания, легенды и сказки. Пг., 1917, с. 165-
166; - Восточное обозрение, 1890, №6; Саркин Н.
Киргизское стихотворение об Александре Македонском.
– Известия Общества истории, археологии и

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

- этнографии. Казань, 1905 т. 21, вып. 4 с. 373-378;
Рогатый хан. – Казахские сказки, т. 2, с. 35.
- Л.Я.Штернберг Избранничество в релгии //Этнография. 1927 №1
С. 5
- АЛДАШЕВ А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының
құпиясы. -“Қазақстан” А., 1992. 60-б)
- ӘУЕЗОВ М. Мысли разных лет. Алма-Ата, 1959 С.482
ӘЛКЕЙ Марғұлан Ежелгі жыр, аңыздар: Алматы: Жазушы, 1985
ж. 215-б.
- ИВАНОВСКИЙ А. Киргизский поэт-певец Ногайбай. –
“Этнографическое обозрение”, 1833, № 3.
- Жұбанов А. Ән-күй сапары. –Алматы: “Ғылым”, 1976. 173-б
- Е.ИСМАИЛОВ Ақындар Алматы: “Қазмемкөредбас” 1956. 74-б.
- Жирмунский В.М. Среднеазиатские народные сказатели. //
ИЗВЕСТИЯ Всесоюзного географического общества. Том
79, выпуск 4. Ленинград: 1947. 413
- ЖҰБАНОВ Құдайберген шығармалар мен естеліктер Алматы:
«Өнер» 1990. 23 бет.
- СТЕБЛЕВА И.В. К реконструкции древнетюркской религиозно-
мифологической системы. – В кн.: Тюркологический
сборник. 1971. М., 1972, с. 213-226.
- ҚҰНАНБАЕВ Абай. Шығармаларының екі томдық жинағы.
Бірінші том. Алматы, 1977, 156-157-б.
- АХМЕТОВ З. Өлең сөздің теориясы. Алматы, 1973, 75-76-б. Тағы
ДА ҚАРАҢЫЗ: Базарбаев М. Өлең – сөздің патшасы,
сөз сарасы. Алматы, 1973, 67-б.
- СЕЙФУЛЛИН С. Шығармалар. Алматы: 6-т., 56-б.
- ДРЕВНЕТЮРКСКИЙ словарь. Л., 1969, С. 544,551,552.
- ПОТАНИН Г.Н. В юрте последнего киргизского царевича //
Валиханов Ч.Ч. Собр. Соч.: В 5 т. Алма-Ата, 1968. Т. 4.
С. 300.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic
Volume 4/3 Spring 2009*

А.Е.АЛЕКТОРОВ (Ақыл кені А. Көшпенділер баспасы 2003ж.

195 бет)

СЫМА ЦЯНЬ. Трактат о музыке (юэшу) – Исторические записки
("Ши цзи"). М., 1986. IV том. 74,81,82-б.

М.МАҚАТАЕВ Соғады жүрек А., 1982.55.б.

Turkish Studies

*International Periodical For the Languages, Literature
and History of Turkish or Turkic*

Volume 4/3 Spring 2009